

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 9 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 сәуірде № 5435 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылдық округі әкімінің 20.02.2018 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қобда аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2017 жылғы 24 наурыздағы № 10-1/119 ұсынысы негізінде, Жиренқопа ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Жиренқопа ауылдық округінің Жиренқопа ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жиренқопа ауылдық
округінің әкімі*

М.Күлниязов